



МҰРДАЗ- ҚАЗАЛЫ

№88
(2363)
Сенбі

15 қараша
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЛМАСБЕК ЕСМАХАНОВ: ӘРБІР ТАПСЫРМА ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен мәдениет және спорт саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы межеленген жоспарларды талқылауға арналған аппарат мәжілісі өтті.

Мәжілістің күн тәртібінде көтерілген мәселелер жөнінде аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Орысбек Жамшейтов, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Райса Тасыбаева баяндамалар жасады.

Аудан басшысы сөз сөйлеп, алдымен спорт саласындағы мәселелерге тоқталып, басты көрсеткіш – спортшылардың жетістіктерімен бағаланатындығын айтты. Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысына соңғы үш жылда ауыл спортшыларының спартакиадасында жалпыкомандалық есепте ауданның үздік үштікке ілінбегендігін айтып, қатаң сынға алды. Сондай-ақ өңірдегі бұқаралық спортты дамытудағы спорт нұсқаушыларының маңыздылығы жөнінде сөз қозғап, спорт нұсқаушыларының жұмысынан оң нәтиже шығару керектігін ескертті. Бұдан бөлек, ауданда ұлттық спорт түрлері мен туризм саласын дамыту бағытында да нақты тапсырмалар берді.



Аудан әкімі мәдениет саласындағы жұмыстарға да тоқталып, аймақ басшысының бастамасымен қолға алынған «Адал адам» рухани-мәдени орталықтарының жұмысы өз деңгейінде жүргізілмейтінін айтты. Аудан орталығымен қатар ауылдық округтерде жобада көрсетілген жеті бағыт бойынша жұмыстарды жандандырып, ауыл-аймақтағы өнерлі жастарға қолдау көрсетіп, олардың талантын ашуда жұмыс атқаруды тапсырды. Сонымен қатар, жыл сайын жоспарға сәйкес өтетін шаралардан бөлек, әрбір мәдениет үйлері жанындағы үйірмелердің жұмысын жандандыруды тапсырды. Кітапханалардың, өлкетану музейлері жұмыстарын

өз деңгейінде жүргізілмейтінін айтып, мұндай рухани орындарға тұрғындардың әсіресе жастардың қызығушылығын ояту бағытында бірлесе жұмыс атқаруды қолға алуды және «Руханият» орталығы ғимаратын тиімді пайдалануды міндеттеді.

Аудан әкімі қос саланың алдағы уақытта материалдық-техникалық базасын жаңартуға тиісті қаржы бөлуге қолдау көрсететіндігін, тек ауданның абыройы үшін бірлесіп нәтижелі жұмыс атқару керектігін жеткізді.

Мәжілісте аудан басшысы тиісті сала басшылары мен әкімдерге мәдениет үйлері мен клубтардың, спорт мектептері мен кешендердің аумақтарында, спорт және ойын алаңдарындағы санитарлық-тазалық, абат-

тандыру, оларды күтіп ұстау жұмыстарына байланысты кемшіліктерді слайд арқылы атап көрсетіп, 10 күн мерзім ішінде аталған кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіруді тапсырды.

Жиын соңында Алмасбек Әбілқасымұлы мәжілісте берілген әрбір тапсырманың нәтижелі орындалуы тікелей өзінің бақылауында болатынын айтты.

Аудан әкімі мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелермен қатар азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру мәселесіне байланысты да тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Осы жылдың күзгі мерзімінде әскерге шақыруға Қазалы ауданына 96 азаматқа тапсырыс беріліп, әзірге оның 36-сы әскерге аттанып, 37,5 пайызға орындалған. Бұл мәселеге байланысты тиісті сала басшылары мен әкімдерге күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, қатаң бақылауға алу, әскери қызметке шақырылушылардың уақытылы медициналық сараптамадан өтуін қамтамасыз ету, әскерден жалтарып жүрген азаматтарды әскерге тарту және ондай азаматтарға тиісті шара қабылдау жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН САЛА ОЗАТТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Қызылорда қаласындағы Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Тарихы терең, бірлігі бекем Сыр елі» атты салтанатты шара өтіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан сала озаттары марапат төрінен көрінді.

Облыс орталығында өткен шарадан кейін Қазалы ауданында салтанатты шара жалғасып, Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан бірқатар азаматтарға Қызылорда облысының «Құрмет грамотасы» мен облыс әкімінің «Алғыс хаттары» табысталды.

Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, өңірдің дамуына үлес қосып жүрген барша аудан жұртшылығына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың алғысын жеткізді.

«Өздеріңіз білесіздер, 30 қазан күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келіп, аймақтағы жаңа әлеуметтік, инфрақұрылымдық, өндірістік нысандардың жұмысымен танысты. Бірқатар ірі инвестициялық жобалардың жүзеге

асырылу барысымен танысып, облыс жұртшылығымен кездесті. Президентіміз облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарып жатқан қарымды қызметін «Облыс жалпы жақсы дамып келе жатыр. Қарқыны жоғары», - деп оң бағасын берді. Бүгінде «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірі Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен, облыс әкімінің ұтымды үйлестіруімен жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Қазыналы Қазалы ауданында да көрсетілген қолдаулардың нәтижесінде аудан халқының игілігіне бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылды. Биылдың өзінде аймақ басшысының қолдауымен аудан бюджеті 18,9 млрд. теңгеге бекітілсе, есепті кезеңде нақтыланған бюджет көлемі 26,7 млрд. теңгеге жетті. Соңғы жылдары барлық макроэкономикалық көрсеткіштеріміз 100 пайыздан артық орындалып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Бұл ауқымды қаражат аудандағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

Қызылорда облысының өсіп-өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолындағы еңбектеріңіз үшін Сіздерге аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының шынайы ризашылығын жеткіземін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Қазыналы Қазалы ауданында соңғы жылдары Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен, аймақ басшысының басшылығымен, аудан халқының ауызбіршілігінің арқасында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Соңғы үш жылда Әйтеке би кентінде 250 орындық мектеп, 600 орындық Мәдениет үйі, Қ.Пірімов және Ү.Түктібаев ауылдарында 2 спорт кешені, «Бозкөл», «Кәукей», Абай ауылдарында 3 дәрігерлік амбулатория, «Кәукей» аулында 100 орындық ауылдық клуб сынды нысандар ел игілігіне пайдалануға беріліп, 198 отбасыға жаңа баспана кілті табысталды.

Ал, биыл жыл басталғалы бері жаңа прокуратура ғимараты, Жанқожа батыр аулында 300 орындық «Келешек мектебі», «Руханият» орталығы, Қазалы мәдени-демалыс кешені сынды нысандар пайдалануға берілді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ӘКІМ БОЛУ ОҢАЙ ДЕЙМІСІҢ, ҚАРАҒЫМ?

Құдай біледі дейін, жылдың қай мезгілінде болсын, ұшпасын мәңгі ақ ұлпа қар бүркеп жататын айбарлы Алатау бөктерінде, тіршіліктің нағыз пейіш төрінде, жер жаннаты — Жетісу баурайында тұрып жатса да, туған жердің топырағына табаны тигенше асығып, менен көп сапар шегетін, Алматы мен Қызылорда арасында шалқып жатқан мың бір жүз шақырым күре жолдың бойын жағалап жиі жол жүретін пендең, сірә жоқ шығар. Бұрын да тым сирексітіп, жыл аралатып барып, төбемді көрсетпей кеткен кезім есімде жоқ екен. Кейінгі жылдары, әсіресе мына дүниені дүр сілкіндіріп, әлемге қырғидай тиген індеттен соң бұл өңірге келуге тіпті мәжбүрмін. Асылымнан қалған қарғаларымды көріп, маңдайларынан иіскеп, бір-екі күн қастарында болып қайтудың олжасы сиықсыз тіршіліктің көз алдар қиы-жиқы қызықсымақтарының қай-қайсысынан да артығырақ.

Сондай кездерде, он бір-он екі сағат бойы тоқтамай жүретін ұзақ жолда бетке алған бағытыңда алдыңнан шығып, айқара құшақ жаятын туған елің — кәрі Сыр өзенінің кешегісі, бүгінгі, болашағы жайындағы ойлар көз алдымда көлбей тізбектеліп жатады. Кейде Батысқа қарай жүріңкіреп, қара шал жатқан қорымға соғып, Құран оқып, жа қ ы н - ж у ы қ т а р ы м н ы ң мәңгілік жайына зиярат жасап, әріректегі Арал мен Қазалының, Жалағаш пен Қармақшының үстінен көлбей өтетінім бар. Ондай кезде асықпай ат басын бұрып, әдейілеп аудан арасындағы көшелермен жүріп, кейде таныс-тамырларыма тоқтап, гәп құрып, асықпай қайтамын. Бала күнімде мойныма қара магнитафонымды іліп алып, талай кемпір-шалдың көкірегіндегі қазынаны қаттап, сөз сауып, табанын тозғанша аралаған жерлерім ғой. Оңтүстік бағыттағы Шиелі мен Жаңақорған да солай, іргеде жатқан Сырдария болса да. Жалпы, Қызылорда облысының орталық қаласын айтпағанда, қай ауданының болсын, бойына қан жүгіріп, тіршілігі тіктеле бастаған қауқарлы қалпын көресің.

Қайтар жолда міндетті түрде әлгі көргендерің мен көңілге түйгендерің ойға оралып, тіл ұшына тиек болады. Сондай кезде ақиық Төлегеннің: «Ақын боп өмір кешу оңай дейсің бе, қарағым, / Аузында болу, бұл өзі сыздаған барлық жараның», — деген ғажап жырының жауһар үзінділері жадында жаңғырады. Содан соң, көлікте келе жатып ыңылдайсың, кеуденді бір алапат әуеннің сазы кернеп. Содан, әлгінің шетін шығара алмай алас ұрасың. Ондай кезде, сол ақын деген сөзді әкімге ауыстырып алатыным бар. Өйткені, осы тармақтың келесі сыңар жолы солардың былайғы жұрт сынға алуға, мінеуге бейім тұратын қызметіне қатысты айтылғандай болады да



тұрады. Иә, жарықтық, бұл өлең деген шіркіннің кейде діттеген ойыңа орай, қандай жағдаятқа қатысты қолдансаң да жол мен жөн таңдамай жөңкіп, іске аса беретіні де бар ғой.

Мен кеше ғана Қызылорда арқылы Қазалы ауданына өтіп, Қарасақал Ермбет Көлдейбекұлының 175 жылдығы аясында ұйымдастырылған іс-шаралардың барысынан бір байыз тапқан сәтте: «Облыс әкімі Нұрекең — Нұрлыбек Мәшбекұлы қайда екен, елде ме екен?» — деп сұрадым. Ондағы ойым, қайтар жолда жұмыс орнына соғып, жасап жатқан барша игі жұмыстарына, іске асырыла бастаған мегажобаларға оң болсын айттып, кейбір мәдени-саяси жоба-жосындардың жайын талқылауды ойлағанмын. Оның үстіне кеше ғана облысқа Президент келіп, аймақ бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп кетті.

«Жоқ, — деді әкімдіктің жауапты қызметкерінің бірі. — Қазіргі таңда Нұрлыбек Мәшбекұлы облыстың әлеуметтік-экономикалық жобаларына инвестиция тарту мақсатында сыртта — шетелде жүр. Айтатын, ортаға салатын ойларыңыз болса, сәл кейінірек келсеңіз болады, қабылдайды ғой!»

Е, әкім болу оңай деймісің, қарағым. Өткенде облыс әкімінің Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдында жасаған баяндамасынан оқыған болуым керек, жадымда қалыпты. Соңғы үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 миллиард теңге инвестиция тартылған екен. Қаржы-қаражат көлемі 2021 жылмен салыстырғанда бақандай 233 пайызға артыпты. Бұл енді тілдің ұшына салып айта салуға ғана оңай сан шығар? Айналайын-ау, былайғы жұрт мұның жайын қайдан білсін? Әкімнің өзі де белгілі бір есеп беру шаралары аясында болмаса, мұны күнделікті айта бермейтін де шығар. Оны былай қоя тұрыңыз, аймақтың даму бюджетінің өзі таңғаларлық деңгейге көтеріліпті. Салы-

стырмалы түрде қарар болсақ, оның көлемі 2021 жылы 47 миллиард теңгені құраса, биыл осы сома 207 миллиардқа жетіп, жалпы көрсеткіш 4,4 есеге артқанын естігенде, таңданысымды жасыра алмадым. Жалпы, елдің болашағына деген нық қадам, сенімді серпін осылай жасалса керек.

Мен тек көзім шалып қалған, баспасөз ақпарат құралдары насихаттаған мәліметтердің шет-шепірін ғана айтып отырмын. Шындығына жығылғанда, мынадай көлемдегі қаржы ағыны бұрын бұл өңірдің өңі түгілі, түсіне де кіріп көрмеген нәрсе ғой. Сөз жоқ, Президенттің Сыр еліне, осы өңірдің экономикасының ілгері басуына, бір заманда Алашқа Ана, күллі қазаққа пана болған аймақ жұртына деген ықылас, пейілі ерекше. Әрине, оның барлығы облыс басшысының іскерлік әрекеті негізінде қалыптасатын ілтипат екені айтпаса да түсінікті ғой. Ал, Нұрекең — Нұрлыбек Мәшбекұлын айтамын, шынын айту керек, қандай өрге салсаң да жүйріктігінен жаңылмайтын, дөңге салсаң да жорғасынан танбайтын, нағыз шаршамайтын қазақтың сойынан. Осындайда бұл аймақтағы біткен істердің ыңғайына қоса, бітірген ердің туған елінің алдындағы ересен еңбегі мен ықыласпен атқарылып жатқан перзенттік борышын да бір ескеріп қойған дұрыс сияқты. Билік тізгінін ұстаған, Президенттің сенімін арқалаған қай әкім үшін де билік жүргізіп отырған өңірінің жұрты сырттай айтып жататын алғыстан артық қандай абырой болушы еді?

Күні кеше Сыр еліне арнайы сапармен келген Мемлекет басшысының алдында жасаған баяндамасында Қызылорда облысының әкімі Президенттің тапсырмасына сәйкес, биыл өңірдегі барлық елді мекендер жүз пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілгенін баяндады. Е, осы жалғыз қатар жолға сыйып тұрған мына сыңар ауыз

сөйлемде не мағына, қандай еселі еңбек жатқанын басқа білмесе де, біз білетін бір ғана ауылдың «жырын» айтайын. Сол баяғы, елдің шетінде, Барасакелмес аралының өтінде жатқан «Ақбасты» деген аз ауылдың ғасыр бойы зарын тартып, запыранын жұтқан ауыз судың жайын айтсаң жанарға жас келеді. Иә, бұл мәселені кезінде тек кім қолға алғысы келмеді дейсің? Алды, бастады, амал қанша, әркім өз әлінше күш салып, толық шегіне шыға алмай, ақыры қай-қайсысы да тастады.

Соның арасында жапан далада, сусылдаған құмның арасында төрт түлік малдың жайымен отырған көнбіс жұртқа кім, қандай уәде бермеді дейсің? Кешегі Кеңес Одағы тұсында бұл өңірден ауыз су үшін жүзге тарта ұңғыма құбыр қазылып, ақыры ол әрекеттерінен дым шықпай, бөрінің беті бүркеліп кеткенін былайғы жұрт біле бермейтін де шығар-ау? Есесіне, оның шет-шепірін біз білеміз. Бір жылдары ізіне түсіп, індетіп жүріп, сөзімізді куәландыратын талай құжаттың үстінен түскенбіз. Сол Ақбасты жұртының пәленбай жылғы тілегі, өтініші, көз жасы қабыл болып, биыл Қызылорда облысының ең шалғай шетінде жатқан сол аз ауылға ақыры үш жүз шақырымдық құбыр арқылы ауыз су барды. Өмір бақи қолқұдықтың көзіне телмірген халықтың сондағы қуанышы мен бал-бұл жанған түрін көрсеніз. Уай, шіркін, айтатыны жоқ: «Атасына мың алғыс!» — деп тоқтасқан, сарықарын жеңгеміз ұл тапқандай, бір-бірінен сүйінші сұрау үшін жалаң аяқ жүгірген жұрттың сол түнді ұйқысыз өткізгеніне біз куә. Қайтсін енді: «Осы күннің куәсі болып тұрғанымыздың өзі рас па, әлде өтірік пе?» — дегендері ғой.

Саналы адамды айтасың, төрт түліктің төресі, қара жердің кемесі — жарықтық, түйе жануарының Нұрекеңнің құзыретімен келген балдан да тәтті тұщы суға басты салып, қарнын бір қампайтып алып, салпы ерінін сілкілеп-сілкілеп, жан-жағына бір қарап алып, талтаң басып кетіп бара жатқанын көруге де ерекше көз керек. «Апырмай, бұрын қалай ауыз сусыз отырғанбыз?» — дейді ғой кейбіреулер осы күні. — Отырғызып қойған соң отырмай қайтейін деп едіңдер?» — дейміз біз де, іштей. Адам баласы көрген жақсылықтарына бойын тез үйретіп алады екен де, сәл-пәл қиыншылыққа тап болғанда айғырдай оқыранып шыға келетінге ұқсайды. Бір күн су тоқтап қалса шу ете қалатыны өз алдына, өмір бойы қол телефонсыз отырып, енді жаман үйреніп алғаны сондай: «Бүгін неге интернет нашар, ватцап неге тартпай тұр?» — деп шуылдап, дүр көтерілетін сол шағын ауылдың аужайына қарап отырып, кейде мен де ойға қаламын.

(Жалғасы 3 бетте)

ҚОЖАБАҚЫ, «БОЗКӨЛ» АУЫЛДАРЫНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қожабақы және «Бозкөл» ауылдарына барып, елді мекендердің тұрғындарымен кездесті. Сондай-ақ әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысып, Қожабақы ауылындағы салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын көрді.

Аудан басшысы тұрғындармен кездесулерде ауданда аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тікелей қолдауымен жүзеге асып жатқан бірқатар жобалар жайында сөз қозғап, алдағы жоспарлармен бөлісті. Сонымен қатар, елді мекендерде жоспарланған жұмыстар жайында айтып өтті.

Тұрғындар тарапынан елді мекенішілік жолдарды асфальттау, Қожабақы ауылына барар жолдағы қауіпті бұрылыстарда жол қауіпсіздігінің алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдау, «Бозкөл» ауылына көгілдір отын жеткізіп, ауылдағы ескірген балабақша ғимаратын қайта салу сынды мәселелер көтерілді.

Тұрғындар тарапынан көтерілген әрбір мәселеге аудан әкімі мен тиісті сала басшылары заңдылыққа сәйкес жау-

ап беріп, бұл мәселелердің барлығы кезек-кезеңімен шешілетіндігін айтты.

Аудан басшысы елді мекенішілік жолдарды асфальттауға бөлінген қаржыға сәйкес әр ауылдан бір көшені асфальттап беруге жұмыс атқарылатынын

жеткізді.

Алмасбек Әбілқасымұлы тұрғындармен кездесуден соң ауылдық округтерде орналасқан мектеп, балабақша, әлеуметтік нысандарды аралап, бу қазандықтарының жұмысын көрді.

Қожабақы ауылындағы нысандарды аралап, елді мекенде «Ауыл ел бесігі» жобасы аясында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын көрді. Бүгінде спорт ғимаратының іргетасын, коллонналарын құю және сыртқы қабырғаларына кірпіш қалау жұмыстары аяқталып, ішкі, сыртқы кәріз жұмыстары, сыртқы ауыз су желісі жүргізілген. Сонымен қатар, жобаға сәйкес монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жалпы құрылыс жұмыстары 40 пайызға орындалған. Спорт кешенінің құрылысы келер жылға толықтай аяқталып пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Аудан әкімі мердігер мекеме «Намыс - Құрылыс» ЖШС-нің жауапты өкілі мен жауапты сала басшысына құрылыс жұмыстарын белгіленген мерзімде толық әрі сапалы етіп аяқтауды тапсырды.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кезектілік тәртібімен жазылған аудан тұрғындарымен жеке қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген азаматтар өздерін толғандырған ұсыныс-пікірлері мен өтініштерін айтты. Аудан әкімі тұрғындармен ашық әңгімелесіп, олардың мәселесін мұқият тыңдады.

Қабылдауда тұрғындар тарапынан тұрақты жұмысқа орналасу, тұрғын үй кезегі, Ұлы Отан соғысы ардагерінің атына көше атауын

алу, көшелерді асфальттау сынды мәселелер көтерілді.

Жеке қабылдауда көтерілген мәселелерге заңға сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Айта кетейік, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы арқылы немесе әкімдікке келіп, жазбаша өтініш беру арқылы жазыла алады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ӘКІМ БОЛУ ОҢАЙ ДЕЙМІСІҢ, ҚАРАҒЫМ?

(Соңы.Басы 2-ші бетте)

Несін айтасың, біздің облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері шынымен де кісі таңғаларлық дәрежеде екені біраз жерде айтылып жүр. Оны аймақтағы барлық макроэкономикалық өсім де дәлелдеп отыр. Биылдың өзінде 302 миллиард 502 миллион теңгеге 27 жоба іске қосылады деп күтілуде екен. Ғажап емес пе! Бұл күнде соның тоғызы толық жүзеге асыпты. Ал енді ашылып, елдің игілігіне беріліп жатқан нысандарды қараңыз: толық автоматтандырылған, ең озық технология түрімен жабдықталған өндіріс орны — кірпіш зауыт жылына тоқсан миллион кірпіш шығарып, аймақ құрлысына деген сұраныстың тоқсан пайызын қамтамасыз етуді жоспарлап отыр екен; Түркиялық инвесторлар жыл арқауында 94 мың зәру адамды қабылдауға лайықталған «Orhun Mebical» онкологиялық-диагностикалық орталық ашыпты. Экологиялық аймақ үшін аурудың алдын алуға арналған мұндай орталық салып бергендерге алғыстың қай түрін жаудырса да артық емес-ау; Жалағаш, Жаңақорған, Шиелі аудандарынан оқушылар үйі мен өнер мектептері, 7 ауданнан 28 медицина нысаны ашылып, Қызылорда қаласынан 11 мың орындық жаңа стадион салынып, тарихи-өлкетану мұражайдың заманауи ғимараты пайдалануға берілген. Шынымды айтсам, кейінгі кезде Сыр бойынан бой көтерген түрлі әлеуметтік бағыттағы нысандар құрылысының тек атын атап, түсін түстеп шығу үшін ғана әжептәуір уақыт керек екен. Мен тек көзім көргендерін айттым. Ал көрмегеніміз қаншама?!

Осы жолы елге әдеттегідей, көлікпен емес, ұшақпен бардым. Алып әуе құсының қанатына ілесіп, көк жүзімен келіп-кетпегелі де біраз болып қалған екен. Шынымды айтайын, Қорқыт Ата атындағы аэропорттың жаңа терминалын көргенде, тіпті басқа аймаққа кіріп кеткендей әсер алдым. Бұрынғы ғимаратын білеміз ғой. Мынау, барлық стандарттарға сай салынған терминалды көруге көз керек екен. Мұндайды екі облыстың бірінен кезіктіре алмайсың.

Таңғалып келе жатқан жалғыз мен бе десем, жоқ, ондайлардың қатары баршылық сияқты. Ұшақтан түсу бойына: «Бәрекелді, Қызылордаң жайнап кетіпті ғой», — деп күбірлесіп, жан-жағына таңданыспен қараушылардың қатары қалың екен. Еңселі ғимараттағы дәліз бойымен адымдап жүріп келе жатып, бір шолып өткеннің өзінде көзімнің аңғалағы толып, көңілім көншіді. Мен тап сол сәтте осының бәрін жасап, туған топырағын қай жағынан болсын жасандырып келе жатқан еренмен жеке таныстығыма, сырлас, дос, сыйлас екеніме кәдімгідей масайрап, бойымды бір түрлі мақтаныш сезімі кернеп кетті.

Қайту сапарда әдейі ертерек келіп, аэропортты түгел аралап көрдім. Айтса, айтқандай-ақ екен, заманауи талапқа сай салынған мына құрылыс үлгісін дұшпаны болмаса, досы кеміте алмас. Бәрекелді, біткен істің кемі жоқ, ал бітірген ердің кемелдігі ол өзінше мен мұңдалап тұр. Неге екенін білмедім, жаңа аэропорт терминалының коридорымен алшаңдай басып, ұшаққа бір ерекше көңіл күй жетегінде келіп отырдым. Туған топырағыңның көз алдында түрленіп, басаяғы екі-үш жылдың ішінде қарға ауаған түлкідей түлеп шыға келгенін көру қандай ғанибет. Кеше ғана Сырға келіп кеткен Мемлекет басшысының аузынан шыққан риза лебіздердің байыбына сонда ғана бойлай бастадым.

Ойыммен алысып отырғанда алып ұшақ қанатын жайып, көк жүзіндегі ақбауыр шарбы бұлттарды жарып өтіп, зеңгірге сұңгіп, ізін білдірмей бара жатты. Төменде, құжынаған қала тіршілігінің арасында қалған кіндік жұртқа іштей тілекші болып, Алатау баурайына — жанұясына асыққан бір перзентінің санасындағы сағыныш табы бірте-бірте сейіле түсті. Өйткені, баяғы сүреңсіз, қоңылтақ кейіптің орнын басқан мына жаңарған уақыттың жасарған кейпі шынымен де адамның көз алмасын суарып, шөлін басып, мейірін қандырады екен.

Жасай бер, жаңарып, жайнай түс, Қызылорда!

**Берік ЖҮСІПОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері**

● Маманның кеңесі

ХИМИЯЛЫҚ УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Күнделікті өмірде біз ондаған химиялық заттарды - тазартқыштар мен жуғышзаттар, ағартқыштар, аэрозольдер, желімдер, бояулар қолданамыз. Егер олар дұрыс өңделмесе, химиялық улану денсаулыққа елеулі зиян келтіретін қауіпті жағдай болуы мүмкін.

Улану бумен ингаляция кезінде, химиялық заттар теріге немесе көзге тигенде және кездейсоқ жұтқанда пайда болуы мүмкін. Балалар әсіресе осал, олар тұрмыстық химияның бөтелкелерін жеуге болатын нәрсе деп қателесуі мүмкін.

Химиялық уланудың белгілері затқа және ағзаға ену әдісіне байланысты.

Көбінесе бас ауруы, әлсіздік, бас айналу, жөтел, жүрек айну, іштің ауыруы, ауыр жағдайларда — есін жоғалту және құрысулар пайда болады. Химиялық улану белгілерімен тез және анық әрекет ету маңызды.

Ең алдымен, қауіпті затпен байланысын дереу тоқтату керек: таза ауаға шығу немесе бөлмені желдету. Егер химиялық зат теріге немесе көзге түссе, зардап шеккен аймақты көп мөлшерде таза сумен шайыңыз. Дәрігермен кеңесусіз зардап шеккен адамға тамақ, сусын немесе дәрі бермеңіз. Өздігінен құсуға

қатаң тыйым салынады - бұл жағдайды нашарлатуы мүмкін. Улануға кез-келген күдік туындаған жағдайда жедел жәрдемді шақыру керек және дәрігерлер келгенге дейін жәбірленушіге тыныштық пен таза ауаға қол жетімділікті қамтамасыз ету керек.

Күнделікті өмірде улану, әдетте, кездейсоқ емес, назар аудармау немесе қауіпсіздік ережелерін бұзу салдарынан болады. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін қарапайым, бірақ тиімді сақтық шараларын сақтау маңызды. Барлық химиялық заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, оларды ешқашан сусын бөтелкелеріне құймаңыз, нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз және жұмыс кезінде қорғаныс құралдарын қолданыңыз.

Әр түрлі заттарды араластыруға болмайды - бұл қауіпті химиялық реакцияларға әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік туралы қамқорлық - бұл Сіздің және жақындарыңыздың денсаулығы мен өмірін сақтауға көмектесетін күнделікті жауапкершілік.

Майра ҚУАНТАЙҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы



«ҰЛАНБАСЫНЫҢ ҰЛАНЫ» — ТАСТЕМІР МАРҒҰЛАН ЖАЙЛЫ ОЙЛАР



ғана емес, сыртқы әлемде де өзін көрсете білді.

«Ұланбасының ұланы» деген атау — жай ғана белгі емес. Бұл — жауапкершілік, қызметке дайын болу, ұлтың үшін, туған жерің үшін жан аямайтын болмыс. Тастемір сол талаптарға сай болып келеді. Оқу-жаттығуда үздік болу, қоғамдық жұмыстарға араласу, достарына-әріптестеріне үлгі болу — бәрі де оның мінезінен көрінеді.

Бүгінгі жастар — ертеңгі ел көшбасшылары. Ал Тастемір Марғұлан сияқты жастардың саны артса, қоғамымыз да, мемлекетіміз де күшейеді. Оның бойындағы з е р е к т і л і к , төзімділік, арман-мақсат дәл осыған кепіл.

Ел болашағы — жастардың қолында. Сондықтан жастардың әрбірі ұлттық намысты көтеруге, жауапкершілікті сезінуге тиіс. Міне, сондай «Ұланбасының ұланы» деген құрметті атауға лайықтайтылардың бірі — Тастемір Марғұлан.

Тастемір Марғұлан — жас шағынан белсенді, жауапты, білімге құштар оқушы. Ол көптеген олимпиада мен интеллектуалдық конкурстарда нәтижелі көрсеткіштерге жетті. Мысалы, «Менің Кіші Отаным – 2023» республикалық интеллектуалдық конкурсының қалалық кезеңінде 2 орын алған. Осылайша, ол ішкі дүниесінде

Жастар арасында «Ұланбасының ұланы» болуға лайықты осындай тұлғаларды көбірек тану — ата-ананың, ұстаздардың міндеті.

Тастемір Марғұлан — қазіргі заман талабына сай жас азаматтың үлгісі. Оның жетістіктері тек жеке ғана емес, тұтас ел үшін қуаныш. Олай болса, әрбір жасымыздың бойынан осындай ұландық рухты оятайық, қолдайық, көтерейік.

Қолдау көрсетуге себепкер болған №276 орта мектептің директоры Алдабергенов Дархан Теңгебайұлына алғыс білдіреміз.

Инабат МАРАТҚЫЗЫ

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттардың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазалы ауданының «Құрметті азаматы», қоғам қайраткері Кенжебаев Темірхан Бердәліұлының інісі

КЕНЖЕБАЕВ АМАНТАЙ БЕРДӘЛІҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.